

Солтиева Б.Ш.
Ислам тарихындағы әулиелік мәселелерінің алатын орны

Бұл мақалада ислам тарихындағы күрделі мәселелердің бірі – әулиелік мәселесіне қатысты қарастырылады. Әулиелік культі мәселесі әлі күнге дейін ғылымдағы ақтаңдақтардың бірі болып қалып қойып отыр. Әсіресе, әулиелі орындардағы ескерткіштер, осындай жерлермен байланысты ауызша аңыз-дәстүрлерді жазбаға түсіру, оларды тәкпіштеп зерттеу тыңғылықты түрде қолға алына қойған жоқ. Кеңес дәуіріне дейінгі, кеңес одағы жылдарындағы, кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі жылдардағы зерттеушілердің еңбектеріне жете көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, сопылық пен әулие ұғымдарына пайымдама жасалып, діни өмірімізден мықтап орын алып отырған әулиелер мен киелі орындардың пайда болуы, олардың атқаратын қызметіне баса назар аударылды. Қазақ халқының қазіргі уақытқа дейін ата-бабамыздың рухани мұрасы әулиелі және киелі орындарға ерекше құрметпен қарағаны баяндалады.

Түйін сөздер: әулие (вали), культ, халифат, ислам, сопылық, христиан.

Soltieva B.Sh.
Role of problems, connected with holy places at Islam

The article is devoted to one of the most urgent problems of the history of Islam, namely the issue of the cult of saints in Islam. This problem still remains one of the gaps in the national historical science. Especially insufficiently studied sites in the holy places, not recorded oral traditions associated with them. Special attention is paid to the analysis of researches of pre-revolutionary, Soviet and post-Soviet periods. Along with this, clarifies the concept of Sufism and the cult of saints, the emergence of the cult of saints and Holy places and their functions which occupy in our lives special place. Also discusses the spiritual heritage of our ancestors, of the Holy places and shrines, which caused special respect.

Key words: aulie (wali), cult, caliphate, Islam, Sufism, Christians.

Солтиева Б.Ш.
Роль проблем, связанных со святынями в исламе

В статье рассматривается одна из актуальных проблем истории ислама, а именно – культ святых. Данная проблема до сих пор остается одним из белых пятен в отечественной исторической науке. Особенно недостаточно изучены памятники в святых местах, не записаны устные предания, связанные с ними. Особое внимание автор уделяет анализу исследований дореволюционного, советского и постсоветского периодов. Наряду с этим, уточняются понятия суфизма и культа святых, появление культа святых и святых мест, их функций, которые занимают в нашей жизни особое место. Также рассказывается о духовном наследии наших предков, о святых местах и святынях, которые вызывали особое уважение.

Ключевые слова: Аулие (вали), культ, халифат, ислам, суфизм, христианство.

ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Кіріспе

Ислам тарихының негізгі мәселелерінің бірі «әулиелік» түсінігі болып табылады. Әулиелерді құрметтеу қазақ халқының діни өміріндегі ең маңызды құбылыстардың бірі, бұл жағдай исламға дейінгі наным-сенімдердің сақталуы нәтижесінде діннің құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Қазақстанда қазіргі кезде халқымызға кеңінен тарап жүрген діни қалдықтардың бірі «әулиелерге», «киелі орындарға» тәу ету салты болып табылады. Қазақ халқының өмір салтындағы ғұрыптар мен рухани үрдісіндегі сан қырлы болмысы кім-кімді де қайран қалдыратын құбылыстарға толы. Ислам діні Қазақстан мен Орта Азияда орта ғасырда тарағаннан кейін, мұсылмандық және исламға дейінгі культ шырмаланған түрде болды.

Мәселенің тарихнамасы

Кеңес дәуіріне дейінгі қазақтардың исламға дейінгі діни наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары жөнінде Ш.Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Ы. Алтынсарин, И.А. Кастанье, М. Миропиев, И.А. Чеканский, А.Е. Алекторов және т.б. еңбектерінде қарастырылды (Толеубаев, 2013: 5).

Әулиелер мен киелі орындар ислам діні кең қанат жайған жерлерде көп кездеседі. Бұл тақырыпты толыққанды игеру ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. Әулие туралы ұғым ислам дінінің тарихының әр түрлі кезеңінде әр қилы мағынаға ие болып, дамып отырған. Бұл жөнінде ең алғаш рет көрнекті венгр халқының шығыстанушысы И. Гольдциэр «Исламдағы әулиелік культі» (Гольдциэр, 1938) атты ауқымды еңбегінде негізінен әулиеліктің айқын бейнесін көрсетті. Әулиелер культін зерттей отырып, ислам дінінен бұрынғы дүниетанымдар мен әдет-ғұрыптар, егер ислам дінінің рухымен сәйкес болса жойылмайтынын атап өтті. Әулиелерді қастерлеу ислам дінінде басқа діндермен наным-сенімдеріне байланысты жүргізілген зерттеулерге ықпалын тигізген.

Кеңес одағы жылдарында В.Н. Басилов, Т.Д. Баялиева, С.М. Демидов, Г.П. Снесарев, О.А. Сухарева, И.Г. Петрушевский сынды белгілі ғалымдар исламдағы әулиелік культі жайлы

тарихи-этнографиялық зерттеулерінде әулиелік культін, негізінен алғанда, шығыс халықтарының исламға дейінгі наным-сенімдерінің жүйесінің қалдығы ретінде басымырақ қарастырған (Басилов, 1970; Баялиева, 1972; Демидов, 1976; Снесарев, 1969; Сухарева, 1950). Зерттеушілердің мұндай көзқарасына сол кезеңнің идеологиясы ықпал еткен болатын. Кеңес Одағында ислам тарихын зерттеуге тыйым салынғандықтан, көпшілік ғалымдар әулиелік культін исламға дейінгі наным-сенімдердің қалдықтары деп жариялай отырып, мәселені зерттеуге мүмкіндік алды.

Исламдағы әулиелік культі тақырыбына деген қызығушылық Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, дәлірек айтқанда, 1990 жылдары бірқатар авторлар алуан түрлі деректер мен материалдарды ғылыми айналымға енгізіп, жаңа қырынан ашқан мәселелер жалғасын тапты. Атап айтқанда, Орталық Азиядағы әулиелік культі мәселесін зерттегендерді атап айтсақ, О.В. Горшунова, Ә. Муминов, Р.М. Мұстафина, Ә.Т. Төлеубаев, В.Л. Огудин, Т.С. Саксанов, А.И. Шевяков, Б.А. Аджаматов, Р.А. Рамазанов пен В.О. Бобровниковтардың еңбектері жарық көрді (Горшунова, 1992; Муминов, 1996; Мұстафина, 1992; Төлеубаев, 1991; Саксанов, 1991; Абашин, 2003).

Мәселеге қатысты осындай тыңғылықты зерттеу жұмыстарының болуына қарамастан әулиелік культі мәселесі әлі күнге дейін ғылымдағы ақтандақтардың бірі болып қалып қойып отыр. Әсіресе, әулиелі орындардағы ескерткіштер, осындай жерлермен байланысты ауызша аңыз-дәстүрлер жазбаға түсірілмеген, зерттелмеген. Сондай-ақ мәселені зерттеуге методологиялық және теориялық көзқарастардың ескіруі де кедергісін келтіріп отыр. Діни өмірімізден мықтап орын алып отырған әулиелер мен әулиелі жерлердің пайда болуы, олардың атқаратын қызметін түсіндіруде, кеңестік ғылымға тән тұрпайы схемалар мен қарапайым шешімдер жасау әлі күнге дейін үстем болып отыр (Қартабаева, Солтиева, 2016:246).

Әулиелік культінің таралуы

Исламда әулиелер культінің алатын орны зор. Жалпы, діндегі әулиелік түсінігі жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Әулиелер культінің пайда болуына ежелгі жергілікті діни нанымдардың: анимизм, тотемизм, шаманизм, егіншілік, малшылық және т.б. культтердің, зооастризм, манихей, христиан дінінің ықпалы зор болды, бұл жөнінде алғаш пікір айтқан И. Гольдциэр болатын. Ол осы аталмыш еңбегінде «В исламе, как и в иудаизме, христианстве и других монотеистических религиях, наряду с культом «еди-

ного бога» имеется почитание и целого ряда других божеств в виде культов различных «святых» – деп көрсетеді (Гольдциэр, 1938: 65). Әулиелік тек исламға ғана тән емес, ол басқа да діндерде, соның ішінде христиан дінінде де бар. Христиан дінінің католик бағытына тән әулиелік түсінігін, кезінде, протестанттық реформаторлар толықтай жоққа шығарған болатын. Протестанттардың түсінігінде, әулиелерге табыну, католик дініндегі ырымшылдықтың бір формасы болып табылады.

Зерттеуші ғалымдар арасында исламдағы әулиелік пен христиан дініндегі әулиелік культімен салыстыру кеңінен орын алған. Исламдағы әулиеліктің өзіндік ерекшеліктері жеткілікті зерттелмегендігіне қарамастан, оның христиандықтағы әулиеліктен елеулі түрде айырмашылықтары бар екенін көруге болады. Басты айырмашылық – исламда әулиелерді діни заңдастыру (канонизация) мекемесінің жоқтығы. Мұсылман әулиелері арнайы бір шешімдер арқылы бекітілмейді, исламда адамның әулиелігін анықтау түсінігі жоқ, ресми мойындалған әулиелер, агиологиялық шығармалар тізімі, ресми белгіленген әулиелерді құрметтеу мерекелері, әулиелерді еске түсіру рәсімдері т.б. жоқ. Исламдағы әулиелерді тек халықтың мойындауы, әр түрлі діни ілім иелерінің, сыйлы, беделді адамдардың, билеушілердің мойындауы жеткілікті (Қартабаева, Солтиева, 2016: 245-246).

Ислам өзінің дамуының бастапқы кезеңінде бағындырылған халықтың жергілікті культімен қатаң күрес жүргізіп, алладан басқа құдайға табынуға жол бермеді. Бірақ исламның шекарасы кеңейіп, халифаттың құрамына әртүрлі елдер мен халықтар енген сайын, ортодоксальды исламнан алыс элементтер көбейе түсті, исламтанушы ғалымдар атап көрсеткендей: «ислам сталкиваясь с традициями, устранения которых было избрано им самим исторической задачей, в процессе своего исторического развития трансформировал чужие религиозные предания и обычай, перерабатывал и изменял их в духе своих идей (Гольдциэр, 1938: 61).

Әулие – уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қазақ тілінде қасиетті деген мағынаны білдіреді. Арабтың «вали» (көпше түрі «аулийа») сөзінің бірнеше мағынасы бар, атап айтқанда, «қамқоршы», «сенімді адам», «Құдайдың қамқорлығындағы кісі», «Құдайдың досы». Бұл сөз Құранда Аллаға қатысты, Алла Тағаланың «мұсылмандардың қамқоршысы» екендігі мағынасында қолданылады. Мұсылмандардан тек Алла ғана шынайы қамқоршы және көмекші екенін мойындауы талап етіледі. Сондықтан да

Құдайдың қамқорлығында деп есептелген адам ерекше кісі, «Алланың досы» немесе «әулие» деп саналады. Бір сөзбен айтқанда, әулиелер деп ислам қоғамындағы тақуа, ерекше діншіл адамдарды сипаттауға болатын тәрізді.

Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мағынаны білдіреді. Ал, хадистерде жақын болу деген мағынада, яғни, «Уәли Аллаһ – аллаға жақын, дос», «Алланың мейірі түскен» деген ұғымда кездеседі. Қазақ тілінде әулие-әнбие түрінде қосарланып та айтылады, бұндағы әнбие – арабша нәби, яғни пайғамбар деген сөздің көпше түрі болып келеді. Кейде оларды жинақы түрде «әулие-әнбиелер» деп те атады. Әйткенмен бұл тіркес халық түсінігінде тек қана әулие деген бір ғана мағынаны білдіреді (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар... 2011:336).

Әулиелерге табыну Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі тілді халықтардың дінінде айрықша орын алады. Негізінде ортодоксальді (алған бағыттан, ұстанған принциптен қайтпайтын) мұсылмандық қағидаларына қайшы әулиеге табынушылық өз кезегінде ислам тегінде кең қанат жайылып келеді. Ата-бабаларды, желеп-жебеуші рухтарды құрметтеуге негізделген бұл ғибадат табынушылық феодалдық қоғам идеологиясына (санасында) жеке отбасы ғана емес, бүкіл ру-тайпалардың әл-ауқатының артуы деп түсінгендіктен қоғамның әлеуметтік саласына бойлай енді. Сол себептен де бұл айрықша құбылыстардың сарқыншақтары бүгінгі таңда берік орын алып отыр (Қазақ халқының дәстүрлері мен... 2011: 52).

Исламдағы әулиелер культі, исламмен бірге жаулап алынған территорияларға да өтеді, мұсылман дінбасылары халық табынған жергілікті әулиелерді мұсылмандық кейіпке айналдыра бастады. Әулиелер культі бұдан былай, тек таза мұсылмандық әулиелер ғана емес, жергілікті әулиелер бейнелер арқылы да көрінеді. Бұл исламның жергілікті жерлерде жылдам таралуына және де басқа бөтен халықтардың оны түсінуіне, қабылдауына қолайлық жасады. Сол сияқты, әулиелі орындар дінді насихаттайтын орындарға айналды, ал әулиелердің қасиетіне сену халықты дінге бір қадам болса да жақындата түскен болатын. Осындай әулиелі орындар әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Зерттеушілер сопылық пен әулие ұғымының қанаттас дамығанын және бұл құбылыстың (суфизм) XIII ғасырда ислам дүниетанымында шешуші мәнге ие боп, зор ықпал жасағанын айтады. Әулиелер культінің дамуы мен таралуында ерек-

ше орынды сопылық алады. Сопылық дәстүр бойынша айрықша құрметке ие пірлер тірі әулиелер қатарынан орын алды. Сопылық исламдағы әулиелер мен қасиетті орындарды құрмет тұту дәстүрінде шешуші ықпал етіп, оған осындай көптеген киелі орындарды ұсынды.

Сопылықтың ерте дәуіріндегі ғұламалардың көрсетуінше әулиелік сопылықтың негізінде жатыр. Осындай ғұламалардың бірі Кушайридің (465/1072 ж. к/б.) еңбегінде әулиеліктің сопылық доктринасы баяндалады (Соблазны культа святых. Вместо...2003: 131). Кушайри әулиелікті екі қырынан түсіндіреді: біріншіден, тақуалардың ішіндегі Құдайдың ерекше қамқорлығындағылар, екіншіден, барлық адамдардың Құдайға құлшылық етуі үшін жауаптылар. Әулиеліктің бұл анықтамасы Құдай мен адам жанының өзара жақын байланыста екендігін көрсетеді, бұл байланыс Құдай тарапынан қамқорлық пен жауапкершілік түрінде көрінсе, ал адам тарапынан – құлшылық ету мен табынудан көрініс табады.

Осындай тарихи-әлеуметтік нақтылы себептерге байланысты қазақ халқының арасында да әулие туралы түсінік ислам дінімен жапсарлас жайылып, киелі сипатқа ие болып, әулиелік туралы аңыз-эпсаналар молынан таралып, бір сөзбен айтқанда, әулие культі ел санасында берік орныққан деуге болады. Ғылымда анықталғандай, әулие культі, әсіресе ресми діннің орталығынан шеткерілеу аймақтарда тұрғылықты халықтың байырғы наным-сенімдерімен, салт-дәстүрімен, ырым-жораларымен тығыз сабақтастықта қалыптасатыны – анық та қанық жайт. Түйіндеп айтқанда, әулие культінің орнығуына жергілікті халықтың табиғат нысандарына табыну жорасы (Мысалы: көрікті тау-тас, сырлы үңгір, шипалы көл-бұлақ т.б.), шаманистік мифологиясы, аруақтарды ұлықтау рәсімдері өзгеше лепте үндесіп, айырғысыз тұтастықта ұштасып, әбден кірігіп кететіні байқалады. Түптеп келгенде, мұның бәрі халықтық исламның сомдаған төл түсінігі болып табылады, осы ілімге сүйенген ел әулиені таңғажайып керемет иесі (карама), береке-ырыздықтың бастау көзі, тілекті қабыл етіп жарылқаушы, әр түрлі кәсіптің жебеуші иелері, қамқоршысы бейнесінде таниды (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар. 2011: 337).

Р.М. Мұстафина еңбегінде тұрмыстық исламға жан-жақты сипаттама беріп кетеді. Бұл ғылыми еңбегінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы оңтүстік қазақтардың діни сенімдерін этнографиялық көзқараста зерттеген. Исламға дейінгі әдет-ғұрыптарды

шамандықпен қатар зерттей келе, әулиелер культіне баса назар аударған (Soltyeva, 2016: 262).

Әулиелікке тән қайшылықтардың бірі, оның ең бір ерекше белгісіне, яғни құпиялылығына байланысты туындайды. Өйткені әулиенің эгосы жойылған, сондықтан оны тану мүмкін емес. Әулиелік туралы ең ерте пайда болған теориялық трактаттар әулиелер тек Құдайға ғана белгілі екендігін көрсетеді және олар өздері де әулие екендігін білмеуі мүмкін. Әулиеліктің құпиялығы сопылықтың жалпы алғандағы эзотерикалық сипатына сәйкес келеді. Әулиелер жөнінде Мұхаммед Пайғамбардан (с.ғ.с.) сұрағанда, ол былай деп жауап берген көрінеді: «Барлық сыртқы көрініс ішкі мәнге ие болғандықтан; барлық ішкі мән жасырын мәнге ие болғандықтан; барлық жасырын мән шынайы мәнге ие. Ұлы да даңқты Жаратушы өз әулиелеріне осыны тарту етеді – құпияны құпия жолмен. Әулиеліктің белгілерінің бірі осындай. Әулиелер осы арқылы ғажайып өмір сүреді. Олар пайғамбарлардан кейінгі Құдайдың ең құдіретті пенделері, олардың

ғылымдары барлық ғылымдардың ішіндегі ең құдіреттісі» (Кныш, 1991: 150).

Қорытынды

Исламдағы әулиелік культі аса бір өміршең құбылыс ретінде әлі күнге дейін мұсылман халықтарының өмірінде маңызды орын алып отыр. Әулиені құрмет тұтушылар, оны адам мен Құдай арасындағы аралық күш ретінде қарастырады. Аса құдіретті, қол жетпес күш ретіндегі Құдайға қарағанда, әулиемен жеке байланыс орнатуға болады және ол адамдардың жеке өмірінде қамқоршысы, кеңесшісі бола алады. Бір сөзбен айтқанда, әулиелік культін ислам дінін тұрмыстық деңгейде ұстанудың өзіндік бір формасы деп анықтауға болады, сондықтан да бұл құбылыс қарапайым халықтың өмірімен біте қайнасып, бірігіп кеткен ажырамас бір бөлігі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін Орта Азия халықтарында әулиелерге және киелі орындарға зиярат етушілердің ошағы болып қала беруде.

Әдебиеттер

- 1 Абашин С.Н. (2003). «Семь святых братьев». Подвизники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Сост. С.Н. Абашин, В.О. Бобровников. Москва.
- 2 Басилов В.Н. (1970). Культ святых в исламе. Москва.
- 3 Баялиева Т.Д. (1972). Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе.
- 4 Горшунова О.В. (1992). Вариант «священной земли» (на примере пос. Шахимардан Ферганской области Узбекистана). Краткое содержание Лавровских (среднеазиатско-кавказских) чтений. 1990-1991 гг. СПб.
- 5 Гольдциер И. (1938). Культ святых в исламе (Мухаммеданские эскизы). Москва.
- 6 Демидов С.М. (1976). Туркменские овляды. Ашхабад.
- 7 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. (2005). 1 том. Алматы, Арыс.
- 8 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. (2011). 1 т. Алматы, ҚР МОМ.
- 9 History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 10 Қартабаева Е.Т., Солтиева Б.Ш. (2016). Сопылық және исламдағы әулиелік культі. ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №1(48).
- 11 Кныш А. Вали (1991) Ислам. Энциклопедический словарь. Москва.
- 12 Муминов А. (1996). Святые места в Центральной Азии (Взаимодействие общеисламских и местных элементов). Маяк Востока. Ташкент.
- 13 Мустафина Р.М. (1992). Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX – XX в.). Алматы.
- 14 Саксанов Т.С. (1991). Поломничество к святым местам: традиция и современность. Москва.
- 15 Снесарев Г.П. (1969) Реликты домусльманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. Москва.
- 16 Соблазны культа святых. Вместо предисловия // Подвизники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Москва, 2003.
- 17 Soltyeva B.Sh. (2016). History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 18 Сухарева О.А. (1950). К вопросу о культе мусульманских святых в Средней Азии. Материалы по археологии и этнографии Узбекистана. Ташкент.
- 19 Толеубаев А.Т. (1991). Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы.
- 20 Toleubaev A.T. (2013). Traditional beliefs and superstitious rites of the kazakhs. Almaty.

References

- 1 Abashin S.N. (2003). «Sem' svjatyh brat'ev». Podvizhniki islama: kul't svjatyh i sufizm v Srednej Azii i na Kavkaze. Sost. S.N.Abashin, V.O.Bobrovnikov. Moskva.
- 2 Basilov V.N. (1970). Kul't svjatyh v islame. Moskva.
- 3 Bajalieva T.D. (1972). Doislamskie verovanija i ih perezhitki u kirgizov. Frunzje.
- 4 Gorshunova O.V. (1992). Variant «svjashhennoj zemli» (na primere pos. Shahimardan Ferganskoj oblasti Uzbekistana). Kratskoe sodержanie Lavrovskih (sredneaziatsko-kavkazskih) chtenij. 1990-1991 gg. SPb.
- 5 Gol'dcier I. (1938). Kul't svjatyh v islame (Muhammedanske jeskizy). Moskva.
- 6 Demidov S.M. (1976). Turkmenske ovljady. Ashhabad.
- 7 Kazak Khalkynyn dastyrleri men adet-gyryptary. (2005). 1 tom. Almaty, Arys.
- 8 Kazaktyn jetnografijalyk kategorijalar, ygymdar men ataularynyn dastyrli zhyjesi. Jenciklopedija. (2011). 1 t. Almaty, KR MOM.
- 9 History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 10 Kartabayeva E.T., Soltyeva B.Sh. (2016). Sopylyk zhane islamdagy aulielik kul'ti. KazYPU habarshysy. «Tarih zhane sajasi-aleumettik gylymdar» serijasy. №1(48).
- 11 Knysh A. Vali (1991) Islam. Jenciklopedicheskij slovar'. Moskva.
- 12 Muminov A. (1996). Svjatye mesta v Central'noj Azii (Vzaimodejstvie obshheislamskih i mestnyh jelementov). Majak Vostoka. Tashkent.
- 13 Mustafina R.M. (1992). Predstazlenija, kul'ty, obrjady u kazahov (v kontekste bytovogo islama v Juzhnom Kazahstane v konce XIX – XX v.). Almaty.
- 14 Saksanov T.S.(1991). Polomnichestvo k svjatym mestam: tradicija i sovremennost'. Moskva.
- 15 Snesev G.P. (1969) Relikty domusul'manskih verovanij i obrjadov u uzbekov Horezma. Moskva.
- 16 Soblazny kul'ta svjatyh. Vmesto predislovija // Podvizhniki islama: kul't svjatyh i sufizm v Srednej Azii i na Kavkaze. Moskva, 2003.
- 17 Soltyeva B.Sh. (2016). History of research the concept of «sacred» among the Kazakhs. KazNU bulletin. History series. № 2(81).
- 18 Suhareva O.A. (1950). K voprosu o kul'te musul'manskih svjatyh v Srednej Azii. Materialy po arheologii i jetnografii Uzbekistana. Tashkent.
- 19 Toleubaev A.T. (1991). Relikty do islamskih verovanij v semejnoj obrjadnosti kazahov. Almaty.
- 20 Toleubaev A.T. (2013). Traditional beliefs and superstitious rites of the kazakhs. Almaty.